




*Қызылорда облысының Білім басқармасының
«Қазалы ауданы бойынша Білім бөлімінің
№28 «Ақбота» бөбекжай-балабақшасы»
коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны
2022-2023 жылында Қаратаева Гүлназдың атқарған
оқу тәрбие жұмыстары жөніндегі есебі*



2022 – 2023 оқу жылы :

- ▶ «Балдәурен» ересек тобында Бозгулова Айзада, Сүндетова Жадыра, Қаратаева Гүлназ тәрбиешілері баламен жұмыс жасауда. Топта 25 тәрбиеленуші бар, оның ішінде 19 – қыз бала, 6 – ер бала . «Балдәурен» ересек тобының балалары көңілді, ұйымшыл, өнерлі, білімді. Балалар өте жақсы, жан-жақты, бәрін білсем деп қызығып тұрады. Әрбір баланың, жалпы топтың даму нәтижелері өте жақсы. Түрлі әдістер қолдана отырып, балалардың ауызша қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру, танымдық ой-өрісін кеңейту, шығармашылық, эстетикалық талғамдарын арттыру негізгі мақсат болып табылады. Оқу жылы басында балаларға жеке даму парағы жасалып, жыл бойы бақылап, оқу жылы аяғында балаларымыздың іс –әрекеттерін, дағдыларымен өз ортасында бейімделуін бақылап толтырдық. Және жыл көлемінде балалармен, және ата – аналармен бірлесіп атқарған жұмыстарға тоқталатын болсақ, қыркүйек айында жалпы ата – аналар жиналысы өткізіліп, ата – аналармен балалардың жалпы жағдайымен танысып, келісімшартқа отырып, бірлесе жұмыс жасаймыз.

Осы мақсаттарға жету барысында менің алдыға қойған міндеттерім:

- Балалардың тәрбиеші әрекетіне қызығушылығын іс жүзінде іске асыру үшін жағдай туғызу;
- Баланың қызығушылығын туғызу;
- Баланың белсенділігін арттыру;
- Оқыту жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорларын дамыту, ауызша сөйлеуге үйрете отырып, үйренген сөздерін күнделікті өмірде еркін қолдану, әрі оны күнделікті іс – әрекет кезіндегі тілдік қарым – қатынаста қолдана білуге жаттықтыру.





1.Физикалық қасиеттерді дамыту


Тәрбиеленушілердің барлығы орташа деңгейде меңгерген балалар

2.Коммуникативті дағдыларды дамыту

3.Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту

4.Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту

5.Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды дамыту



Мерекелік іс шаралар:

Балалар мерекелік ойын–сауықтар мен кештерге қатысып өз өнерлерін көрсетуге:өлең оқуға,ән салуға,би билеуге,ойын ойнауға,ертегі кейіпкерлерін сомдауға қызығып қатысты. Жыл бойы ата–аналардың қатысуымен өткізілген іс–шаралар мен ертеңгіліктер:

Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру,күз өнімдерімен таныстыру мақсатында “Балапан” кіші жас тобында **“Берекелі–Алтын күз!”** атты ертеңгілігі өткізілді.

Мақсаты:Күз мезгілінің ерекшеліктерін ұғындыру,мерекелік көңіл–күй орнату.Балаларды ән салуға,би билеуге түрлі іс–әрекеттерге баулу.Белсенділіктерін арттыру,шығармашылық ой–қиялдарының дамуына ықпал ету.Ата–аналар қауымымен тығыз қарым–қатынас қалыптастыру

Желтоқсан айында, тобымызда 16 желтоқсан
Тәуелсіздік күніне орай “Тәуелсіздік Тұғырым” ертеңгілігі
өткізілді.




Жаңа жылда балалардың көңіл – күйін көтере отырып, жаңа жылды сезінуге, өз өнерлерін көрсету арқылы жаңа жылға деген ықыласы мен ниетін білдіруге, көпшілік ортада өздерін дұрыс ұстай білуге, әдемілікті, сұлулықты сезіне білуге тәрбиелеуге арналған **«Қош келдің , Жаңа жыл !»** атты жаңа жылдық ертеңгілік өткізілді.



Ақпан айында ұйымдастырылған іс –
әрекеті ретінде

«Геометриялық пішіндер» тақырыбында
«Балдәурен» ересек тобында ашық сабақ
өткізілді. Ашық сабақтың мақсаты:
балаларды аквариумдегі балықтармен
таныстырып, аквариум туралы білімдерін
дамыту мақсатында ондағы тіршілік туралы
мәлімет беріп, әңгімелеу.



Наурыз айында «**Алғыс айту**» күніне орай, тәрбиеленушілеріміз тәрбиеші апайларына, ата – аналарына, және топтағы достарына алғыс жаудырды.





Наурыз айындағы аналар мерекесі
ойдағыдай өтіп, бүлдіршіндер
аналарына өз қолдарымен сыйлық
жасап, қуанта білді.

«Кел, Наурызым, берекелі жыл басы» атты 22 – наурыз
Қазақтың Жаңа жылы мерекесіне орай «Балдәурен» ересек
тобында ашық ертеңгілік болды.



1 – мамыр «Қазақстан халқы бірлігі» күніне орай, тәрбие сағаты өткізілді. Тәрбие сағатының мақсаты: 1 - мамыр Қазақстан халықтар бірлігі күні екенін балаларға жеткізу; Ынтымақтыққа, достыққа, өз Отанын сүюге, қорғауға тәрбиелеу.



“Балғын балалар–біздің болашағымыз”





Ата–аналармен жұмыс.


Ата–аналармен бірлесе отырып мынадай жұмыс түрлері атқарылады: ата–аналар жиналыстары; тәрбиеші–педагогтың жеке кеңесі; отбасы жөнінде мәліметтер толтыру; ата–аналарға арналған ақпараттар бұрышы; әр түрлі тәрбиелік шараларға, мерекелік ойын–сауық ертегілерге қатысу; сауалнама жүргізу, әңгімелесу.

1. Бірінші ата–аналар жиналысында ата–аналар комитетін сайлады. «Тәрбие басы тал бесік», «Бала тазалығы» деген тақырыпта тәрбиешінің баяндамасын тыңдады. Өз баласына үлгілі ата–ана болуға балабақша және тәрбиешімен тығыз байланыста болуға шешті.


2. Екінші ата–аналар жиналысы «Баланы ерте жастан тәрбиелеу» деп аталады. «Сіз қандай ата–анасыз?» деген тақырыпта сауалнама жүргізілді.


Осындай жұмыс түрлері арқасында ата–аналардың бала тәрбиесіне деген жауапкершілігі артты, балабақша ұжымына деген сенімдік, құрметтеу белгілері жоғарылады.

Ата –аналармен “Бауырсақ PARTY” сайысы, “Жомарт күз” сайысы ұйымдастырылды.



Тәрбиешінің жетістіктері :

- ▶ Мен “Бояулар құпиясы” жас суретшілер байқауына балалардың шығармашылық жұмыстарын ұйымдастырып, белсенділік танытқаным үшін алғыс хат иелендім. Тоқсанбай Көзайым 1 дәрежелі диплом иеленді.
 - ▶ «Пони » халықаралық байқауына 3 тәрбиеленушім қатысып, барлығы әртүрлі орындарға ие болды. Мен алғыс хатпен марапатталдым.
- 




Тәрбиешінің қорытындысы:

Балалармен жұмыс жасау барысында оқу жылы көлемінде алдыма қойған мақсатыма жету үшін бірқатар жұмыстар атқарылды. Балалармен жеке жұмыс жасау жоғарыда көрсетілген мақсаттарға жету үшін көзделді. Балалардың меңгерген және жеткілікті деңгейде меңгерген білім деңгейлері қорытынды білім деңгейіне сай бағаланды деп ойлаймын.

2023-2024 оқу жылына келесі мақсаттар мен міндеттер қойылды.

- Мақсаты: Тәрбиеленушілердің тілін дамытудың тиімді жолдары
- Міндеттері: Ұйымдастырылған іс –әрекеттерде жаңа технология әдістерін қолдана отырып,баланың білімі мен біліктілігін дамыту.
- Баланың жас ерекшелігіне сай интеллектуалды мүмкіндіктерін, білім, дағды, іскерлік деңгейлерін, сабаққа дайындық деңгейін көтеруге;
- Қабілеті жоғары және төмен балалармен саралау жұмыстарын іс жүзіне асыру, білім алушыларды тұлға ретінде қалыптастыру.
- дарынды,қабілетті балалардың шығармашылығын дамыту арқылы нәтижеге жету;
- Баланы жеке тұлға ретінде тәрбиелеуде, оның жан дүниесінің рухани баюына, азамат,тұлға ретінде қалыптасуына қол жеткізу.



Назарларыңызға рахмет !!!

